

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

Общие условия предоставления акционерным обществом «Агентство «Хабар» эфирного времени на каналах «Хабар», «Хабар 24», «Kazakh TV», «El Arna» для размещения предвыборных агитационных материалов по очередным выборам депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан, депутатов маслихатов Республики Казахстан назначенных на 10 января 2021 года.

Акционерное общество «Агентство «Хабар» (далее-Агентство) - собственник телевизионных каналов «Хабар», «Хабар 24», «Kazakh TV», «El Arna» (далее – Телеканалы), в соответствии с Конституционным Законом Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» информирует о размере оплаты, условиях и порядке предоставления эфирного времени на Телеканалах для размещения материалов предвыборной агитации (далее - Агитационные материалы) политическим партиям, выдвинувшим и зарегистрировавшим партийные списки кандидатов в депутаты Мажилиса Парламента Республики Казахстан, депутаты маслихатов Республики Казахстан (далее – Политическая партия).

Телеканалы предоставляют эфирное время на основании письменного договора, заключаемого между Агентством и Политической партией или уполномоченным представителем Политической партии, и в соответствии с утвержденными Телеканалами монтажными листами. При этом, монтажные листы разрабатываются за 3 (три) календарных дня до предполагаемого выхода в эфир Агитационных материалов в соответствии с имеющимися у Телеканалов техническими возможностями на дату подачи письменного обращения, т.е. наличие и/или отсутствие рекламы в предполагаемый временной интервал эфирного времени Телеканалов.

Предоставление эфирного времени на Телеканалах осуществляется путем размещения нижеследующих Агитационных материалов:

- 1) видеороликов на казахском языке или на казахском и русском языках;**
- 2) спецрепортажей;**
- 3) иных Агитационных материалов.**

Основанием для заключения договора о предоставлении эфирного времени является письменное заявление Политической партии либо ее уполномоченного представителя на имя руководителя Агентства.

Количество, хронометраж, предполагаемые дата и время размещения в эфире Агитационных материалов указываются в письменном заявлении Политической партии либо ее уполномоченного представителя, которые затем закрепляются условиями договора.

Заявление регистрируется в журнале регистрации заявлений Политических партий, в порядке очередности, путем присвоения каждому письменному заявлению порядкового номера и даты поступления заявления.

К письменному заявлению должны быть приложены следующие документы:

- 1) копия документа, подтверждающего выдвижение партийного списка;
- 2) копия документа, подтверждающего полномочия уполномоченного представителя Политической партии;
- 3) копия удостоверения личности лица, подающего обращение.

Очередность размещения в эфире Телеканалов Агитационных материалов Политических партий устанавливается в порядке поступления письменных заявлений либо по жребию в случае, если заявления поступили одновременно. Порядок и условия проведения жребия определяются Агентством.

В случае, если к моменту поступления письменного заявления, запрашиваемое время предоставлено другой Политической партии, обратившейся раньше, либо по техническим возможностям не может быть предоставлено, Агентство предлагает Политической партии иное

время для размещения агитационных материалов, с учетом технических возможностей Телеканалов.

Агитационные материалы должны быть представлены в Агентство день в день при подаче письменного обращения в первый день предвыборной агитации (10 декабря 2020 года), не позднее чем за 6 часов до выхода в эфир, а в последующие - не менее чем за 3 (три) календарных дня до предполагаемого выхода в эфир на Телеканалах.

Агитационные материалы должны соответствовать следующим требованиям:

кодек MPEG2, Chroma 422, битрейт 50 МБит/сек, 25 кадров в секунду, разрешение 1920x1080, тип развертки interlaced, порядок построения полей – верхнее поле первое (top field first), соотношение кадра 16:9;

аудио: формат PCM, WAV, 24 бита, 48 kHz, уровень - 12 ДБ, звук в конечном варианте материала должен быть сведен в левую дорожку 1-го стерео канала, допускается использование идентичной правой дорожки (псевдо стерео). Видео и аудио должно быть в контейнере MXF OP-1a. Видеоматериалы предоставляются на внешних носителях (жесткий диск, флеш карта) или ссылкой на сервер.

Одновременно с видеоматериалом предоставляется: расшифровка текста, являющегося содержанием Агитационного материала, подписанного лицом, уполномоченным на подписание договора о предоставлении эфирного времени, письменные разрешения лиц, чьи изображения использованы в Агитационных материалах, а в случае их смерти - письменные разрешения наследников, в случае использования в агитационных материалах изображения несовершеннолетних детей - письменные разрешения от родителей, опекунов, попечителей.

Агитационные материалы должны содержать звуковую или визуальную информацию об их оплате, источниках финансирования.

Политические партии, предоставившие Агитационные материалы, персонально несут ответственность за соответствие их содержания требованиям законодательства Республики Казахстан, в том числе, в области авторских и смежных прав.

В случае нарушения условий и порядка, указанных в настоящем информационном сообщении, а также при нарушении условий соответствующего договора сообщение в эфир Агитационных материалов не производится либо приостанавливается до устранения нарушения.

Агентство отказывает в выпуске в эфир Агитационных материалов, если они содержат идеи насильственного изменения конституционного строя, нарушения целостности республики, подрыва безопасности государства, разжигания социальной, расовой, национальной, религиозной, сословной и родовой розни, культа жестокости и насилия, а также создание непредусмотренных законодательством военизированных формирований.

Агентство отказывает в выходе в эфир Агитационных материалов в случае наличия в них информации, заведомо порочащей честь, достоинство и деловую репутацию кандидатов или политической партии.

Условия и порядок предоставления эфирного времени, указанные в настоящем информационном сообщении, могут корректироваться в соответствии с требованиями уполномоченных органов Республики Казахстан.

Стоимость размещения Агитационных материалов на Телеканалах составляет:

1) на телеканале «Хабар» - 65 000 (шестьдесят пять тысяч) тенге за минуту с учетом НДС;

2) на телеканале «Хабар 24» - 55 000 (пятьдесят пять тысяч) тенге за минуту с учетом НДС;

3) на телеканале «Kazakh TV» - 30 000 (тридцать тысяч) тенге за минуту с учетом НДС;

4) на телеканале «El Arna» - 20 000 (двадцать тысяч) тенге за минуту с учетом НДС.

Стоимость размещения включает в себя трансляцию и ретрансляцию Телеканалов во всех доступных средах распространения вещания (эфирное аналоговое, эфирное цифровое, спутниковое, а также посредством кабельных операторов и онлайн вещания в сети Интернет).

Оплата по заключенному договору за распространение Агитационных материалов на Телеканалах осуществляется на основании выставленного Агентством счета на оплату в течение 5 (пяти) рабочих дней с даты выставления счета.

Письменные заявления принимаются собственником Телеканалов с **10 декабря 2020 года по 5 января 2021 года включительно**, кроме выходных и праздничных дней с 10:00 до 18:00 часов (по времени г. Нур-Султан), перерыв с 13:00 до 14:00 часов, по адресу: город Нур-Султан, улица Д.Конаева, 4, 9 этаж, офис 4/1 , телефоны: 8(7172) 757-556, 8(7172) 757 554, 8 701 311 68 82, 8 777 578 48 72.

Письменные заявления посредством факсимильной и Интернет связи не принимаются.

АО «Агентство «Хабар»

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамының 2021 жылғы 10 қаңтарға тағайындалған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының, Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттарының кезекті сайлауы бойынша сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру үшін «Хабар», «Хабар 24», «Kazakh TV», «El Arna» арналарында эфирлік уақытты беруінің жалпы шарттары

«Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Агенттік) – «Хабар», «Хабар 24», «Kazakh TV», «El Arna» телевизиялық арналарының (бұдан әрі - Телеарналар) меншік иесі, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттығына, Қазақстан Республикасы мәслихаттары депутаттығына кандидаттардың партиялық тізімдерін ұсынған және тіркеген саяси партияларға (бұдан әрі - Саяси партия) сайлауалды үгіт материалдарын (бұдан әрі – Үгіт материалдары) орналастыру үшін Телеарналарда эфирлік уақытты беру шарттары мен тәртібі, төлем мөлшері туралы хабарлайды.

Телеарналар Агенттік пен Саяси партия немесе Саяси партияның уәкілетті өкілі арасында жасалатын жазбаша шарт негізінде және Телеарналар бекіткен монтаждау парақтарына сәйкес эфирлік уақыт береді. Бұл ретте, монтаждау парақтары жазбаша өтініш берген күні Телеарналарда бар техникалық мүмкіндіктерге, яғни Телеарналардың эфирлік уақытының болжамды уақыт аралығында жарнаманың болуы және/немесе болмауына сәйкес Үгіт материалдарының эфирге болжамды шығуына дейін күнтізбелік 3 (үш) күн бұрын әзірленеді.

Телеарналарда эфирлік уақыт беру төмендегі Үгіт материалдарын орналастыру жолымен жүзеге асырылады:

- 1) қазақ тіліндегі немесе қазақ және орыс тілдеріндегі бейнероликтер;**
- 2) арнайы репортаждар;**
- 3) өзге де Үгіт материалдары.**

Саяси партияның не болмаса оның уәкілетті өкілінің Агенттік басшысының атына жазған жазбаша өтініші эфирлік уақыт беру туралы шарт жасау үшін негіздеме болып табылады.

Үгіт материалдарының саны, хронометражы, эфирге орналастыру жоспарланған күн мен уақыт Саяси партияның не болмаса оның уәкілетті өкілінің жазбаша өтінішінде көрсетіледі, кейіннен олар шарт талаптарымен бекітіледі.

Өтініш Саяси партиялардың өтініштерін тіркеу журналында, кезектілік тәртібімен, әр жазбаша өтінішке реттік нөмір тағайындау және өтініштің келіп түскен күнін белгілеу жолымен тіркеледі.

Жазбаша өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуі керек:

- 1) партиялық тізімнің ұсынылғанын растайтын құжаттың көшірмесі;
- 2) Саяси партияның уәкілетті өкілінің өкілеттігін растайтын құжаттың көшірмесі;
- 3) өтініш берген тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі.

Телеарналар эфирінде Саяси партиялардың Үгіт материалдарын орналастыру кезектілігі жазбаша өтініштердің келіп түсу ретімен не болмаса, егер өтініштер бір уақытта келіп түскен жағдайда, жеребе бойынша белгіленеді. Жеребе өткізу тәртібі мен шарттарын Агенттік белгілейді.

Егер жазбаша өтініш келіп түскен сәтте, сұратылып отырған уақыт ертерек жүгінген басқа Саяси партияға берілген болса, немесе техникалық мүмкіндіктерге байланысты берілуі мүмкін болмаса, Агенттік Телеарналардың техникалық мүмкіндіктерін ескере отырып Саяси партияға үгіт материалдарын орналастыру үшін басқа уақыт ұсынады.

Үгіт материалдары Агенттікке жазбаша өтініш берген күні сайлауалды үгітті жүргізудің бірінші күні (2020 жылғы 10 желтоқсан), эфирге шығарылғанға дейін кемінде 6 сағат бұрын, ал одан кейінгілері Телеарналарда эфирге шығарылғанға дейін кемінде күнтізбелік 3 (үш) күн бұрын ұсынылуға тиіс.

Үгіт материалдары төмендегі талаптарға сай болуы тиіс:

кодек MPEG2, Chroma 422, битрәйт 50 МБит/сек, секундына 25 кадр, мүмкіндігі 1920x1080, өрістегу түрі interlaced, өрістерді құру тәртібі - үстіңгі бірінші өріс (top field first), кадрдың қатынасы 16:9;

аудио: PCM, WAV форматы, 24 бит, 48 kHz, шу - 12 ДБ, материалдың соңғы нұсқасында 1-стерео арнаның сол жақ жолына түйістірілуі керек, бірдей оң жақ жолды (жалған стерео) пайдалануға рұқсат етіледі. Видео және аудио MXF OP-1a контейнерінде болуы қажет. Бейнематериалдар сыртқы тасымалдағыштарда (қатты диск, флеш карта) немесе серверге сілтемемен беріледі.

Бейнематериалмен бірге эфирлік уақыт беру туралы шартқа қол қоюға уәкілетті тұлғаның қолы қойылған, Үгіт материалының мазмұны болып табылатын мәтіннің түсіндірмесі, суреттері Үгіт материалдарында пайдаланылған тұлғалардың жазбаша рұқсаттары, ал олар қайтыс болған жағдайда – мұрагерлерінің жазбаша рұқсаттары, жарнамалық материалдарда кәметке толмаған балалардың суреттері пайдаланылған жағдайда – ата-аналарының, қамқоршыларының, жанашырларының жазбаша рұқсаттары беріледі.

Үгіт материалдарында олардың төленуі, қаржыландыру көздері туралы дыбыстық немесе визуалды ақпарат болуы тиіс.

Үгіт материалдарын ұсынған Саяси партиялар олардың мазмұнының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, соның ішінде авторлық және сабақтас құқықтар саласындағы заңнамаға сәйкес болуына дербес жауапты болады.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген тәртіп пен талап бұзылған жағдайда, сондай-ақ тиісті шарт талаптары бұзылған кезде Үгіт материалдарын эфирге шығару жүргізілмейді не болмаса бұзушылық жойылғанға дейін тоқтатылады.

Егер Үгіт материалдарында конституциялық құрылысты күштеп өзгерту, республиканың тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, топтық және тектік араздықты қоздыру, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұру, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құру идеялары болса, Агенттік оларды эфирге шығарудан бас тартады.

Агенттік Үгіт материалдарында кандидаттардың немесе саяси партияның арына, намысына немесе іскерлік беделіне қасақана зиян келтіретін ақпарат болған жағдайда оларды эфирге шығарудан бас тартады.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген эфирлік уақытты беру тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасы уәкілетті органдарының талаптарына сәйкес түзетілуі мүмкін.

Телеарналарда Үгіт материалдарын орналастыру құны төмендегіні құрайды:

1) «Хабар» телеарнасында – минутына 65 000 (алпыс бес мың) теңге, ҚҚС-ты қоса есептегенде;

2) «Хабар 24» телеарнасында – минутына 55 000 (елу бес мың) теңге, ҚҚС-ты қоса есептегенде;

3) «Kazakh TV» телеарнасында – минутына 30 000 (отыз мың) теңге, ҚҚС-ты қоса есептегенде;

4) «El Arna» телеарнасында – минутына 20 000 (жиырма мың) теңге, ҚҚС-ты қоса есептегенде.

Орналастыру құны Телеарналардың барлық қолжетімді хабар тарату орталарында (эфирлік аналогтық, эфирлік цифрлық, жерсеріктік, сондай-ақ кабельдік операторлар арқылы және Интернет желісінде онлайн хабар тарату) трансляциялауды және ретрансляциялауды қамтиды.

Жасалған шарт бойынша Телеарналарда Үгіт материалдарын таратқаны үшін төлем жасау Агенттік ұсынған төлем шоты негізінде, шот берілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Телеарналардың меншік иесі жазбаша өтініштерді **2020 жылғы 10 желтоқсаннан бастап 2021 жылғы 5 қаңтарды қоса алғандағы мерзімге дейінгі аралықта, демалыс және мереке**

күндерін есептегенде, сағат 10:00 бастап сағат 18:00 дейін (Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша), үзіліс уақыты – сағат 13:00 бастап сағат 14:00 дейін, төмендегі мекенжай бойынша қабылдайды: Нұр-Сұлтан қаласы, Д. Қонаев көшесі, 4, 9-қабат, 4/1-кеңсе, телефондар: 8(7172) 757-556, 8(7172) 757 554, 8 701 311 68 82, 8 777 578 48 72.

Жазбаша өтініштер факсимильді және Интернет байланыс арқылы қабылданбайды.

«Хабар» Агенттігі» АҚ